



МҰРАТ АЖАЛЫ

№31-32
(2202-2203)
Сенбі
13 сәуір
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

БЕГІМ АНА ЖӘНЕ СЫРЫМ БАТЫР КӨШЕЛЕРІ АСФАЛЬТТАЛАТЫН БОЛАДЫ



Былтырғы жылы аудан орталығы – Әйтеке би кентіндегі 15 көше асфальтталып, 23 көшеге қиыршық тас төселген болатын. Көшені жөндеу жұмыстары биылғы жылы да жалғасын табады. Бүгінгі таңда Әйтеке би кентіндегі Бегім ана және Сырым батыр көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аталмыш көшелердегі жол жөндеу жұмыстарымен танысты.

Аудан басшысы Әйтеке би кентінің әкімі Мұрат Әбсұлтанов пен аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндет атқарушы Жасұлан Сыдықовқа ең алдымен жол құрылысының сапасына мән беріп, жұмысты үнемі бақылауда ұстауды тапсырды.

Айта кетейік, аудан орталығындағы екі көшенің жол құрылысы жұмыстарымен «Нұрас и К» ЖШС айналысуда.

ЖАНҚОЖА БАТЫР КӨШЕСІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр көшесіндегі қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Жанқожа батыр көшесіндегі жол жөндеу жұмыстары 2023 жылы басталып, 691 метрге асфальт қабаты төселген болатын.

Орталық көшедегі атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде аудан басшысына мердігер мекеме «Строй Модуль Астана» ЖШС-нің директоры Жасұлан Шамұратов баяндады.

Аудан әкімі М.Шермағанбет былтыр басталған қайта жаңғырту жұмыстарына байланысты жауапты сала басшыларына Жанқожа батыр көшесінің Т.Бөріқұлақов және Қ.Пірімов көшелерімен қиылыстарына жол айрықтарын салу, Жанқожа

көшесінің жаяу жүргіншілер жолын жаңарту, аяқ су трубаларын орнату, көше бойындағы электр бағаналарын ауыстыру және басқа да жобада қаралмаған жұмыстарға толықтырулар енгізуге қатысты нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ аудан орталығындағы Әйтеке би көшесін мүмкіндігінше кеңейту және Қазалы қаласы мен Әйтеке би кентінің аралығында орнатылған жарық шамдарды тексеріп, тиімділігін анықтауды тапсырды.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Жанқожа батыр көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолындағы бордюрларды ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Орталық көшедегі қайта жаңғырту жұмыстары жыл аяғына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

ҮМІТКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазалы аудандық мәслихатының мәжіліс залында ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына үміткерлер; Наурызбай Байқадамов, Абайбек Жүнісов және Алмасбек Есмаханов аудандық мәслихаттың депутаттары, кәсіподақ өкілдері, ақсақалдар кеңесінің төрағасы, БАҚ өкілдері мен белсенді жастармен кездесті. Жиынды аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш ашып, кандидаттардың атқарған қызметтеріне жеке-жеке тоқталып, оларды көпшілікке таныстырды. ҚР Парламенті Сенатының

депутаттығына үміткерлер өздерінің сайлауалды бағдарламалары жөнінде әңгімелеп, халықты жұмыспен қамту мен денсаулық және білім саласының басты назарда екенін тілге тиек етті.

Кездесуде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қасқырбай Әлімбай ұсыныс-пікірлерін жеткізіп, үміткерлерге алдағы сайлауда сәттілік тілеп, жиынға қатысушыларды дұрыс шешім қабылдауға шақырды.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖІЛІС ӨТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздегі су тасқынына ұшырамаған облыстар мен қалалардың әкімдеріне көшелерді тазарту, көгалдандыру және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру науқанын бастауды тапсырған болатын.

Президенттің бастамасымен елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Аталмыш акция аясында Сыр өңірінде «Таза Қазақстан – таза аймақ» атты экологиялық бастау алды.

Осыған орай аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен аудандағы санитарлық тазалыққа қатысты кеңейтілген мәжіліс өтті.

Жиынға аудандағы барлық мекемелер, кәсіпорындары ұжымдары, көше комитеттерінің

төрағалары мен аудан тұрғындары қатысты.

Басқосуда аудан басшысы аудан көлемінде жүргізіліп жатқан тазалық жұмыстары мен алдағы жо-спарлар жайында әңгімелеп, туған жерді көркейту-көгалдандыру бағытындағы жұмыстарды бірлесе атқару керектігін айтты.

Жиында аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов Әйтеке би кентіндегі 7 аймақ бойынша атқарылып жатқан тазалық жұмыстары жайлы хабарлама жасады. Ал, аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы Ғанибек Құрманалиев тазалық мәселесіне қатысты тұрғындар тарапынан орын алған құқық бұзушылықтар және оған қатысты қабылданған іс-шаралар туралы баяндады.

Кеңейтілген мәжілісте аудандық ардагерлер

кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов сөз сөйлеп, елдің бірлігін, абыройын көрсететін істе ауызбіршілік танытуға шақырды. Сонымен қатар көше комитеттерінің төрағаларымен аудан тұрғындары да тазалық мәселесіне қатысты өз ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Жиын соңында аудан әкімі қоршаған ортаның, туған жердің тазалығы әрбір ауладан, әрбір көшеден басталатындығын айтып, ауданды көркейту бағытындағы жұмыстарға жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сондай-ақ тазалық жұмыстарына тек мекемелер, кәсіпорындары ғана емес, барлық аудан тұрғындары, көше комитеттерінің төрағалары, кәсіпкерлер атсалысуы қажет екендігін айтты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

Ертең – КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Әлмәмбет Әлішевтің туған күні!

ИІРІМ ДҮНИЕ

Берік ЖҮСІПОВ

Күрең күздің қара суығына бауырын төсеп, өзін қиындық құрсауына салып, жылы өлкеге қарай қанаттының соңын алып ұшатын қоңырқаз деген құс болады. Таланттылардың ішінен де іріктеліп, осы азапты жолды пешенесіне бұйырған маңдайдағы жазмыштай таңдап алып, хас жазушылар ғана қалады. Мына дүрбелеңге толы дүниені өзгертуге бейімділер солар.

Сондай сөз иесінің бірі КСРО және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисті, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазалы ауданының құрметті азаматы, көргені мен түйгені, жүріп өткен күзерінен жиғаны шаш етекпен, дәуір жүгін жалғыз арқалаған жампоздай жарамдысы, ата-бабасы ту тіккен топырақта отырып-ақ шындықтың шырақшысына айналған, Жаратқан еселі еңбегінің рақатын, белуардан кешкен бейнетінің зейнетін көруге жазған Әлмәмбет Әлішев.

Өмір өрнектеріне зер салып көрейік.

1939 жылы 14 сәуірде Қазалы ауданы, Аранды ауылдық советі, Сағындық елді мекенінде дүниеге келген Әлмәмбет жетілмей тұрып, жетімдік қасіретін тартты. Әкесі Әліш Үмбетәлі баласы талайсыз тағдырына тап келген Ұлы Отан соғысына аттанғанда ол екі жаста еді.

Сүйікті жарынан қалған жалғыз белгіні жұрт қатарлы жетілдіріп, бұғанасын бекітіп, қатарға қосқан асыл анасы Собық ақырғы демі таусылғанша аяулы жарын күтумен болыпты. Жесір әйел, жетім бала, майдан өтінен оралмаған қос боздағының жолын тосып, сағынышқа толы жүректері зар төгумен өткен қартайған қара шал мен немере жағдайын күйттеп қалған әжесінің қолында өскен Әлмәмбет ерте есейді. Қазаққа қасірет жүктеген сол дүрбелең дәуірдің ашқұрсақ балалары сияқты, ол да таңмен таласып, көзін тырнап ашқаннан ымырт үйірілгенше колхоздың қара жұмысының тертесіне жегілді. Ойын баласы болып, алаңсыз жүрудің не екенін білмеді. Қарғыс атқыр соғыстың салдарынан санаға түскен сызат оны құрыштай шынықтырып, бұралған өмірдің жойдасыз соқпағына салды.

1957 жылы орта мектепті бітірген соң Октябрь совхозында шопан болды. Алғашқы өлеңдерін жариялаған аудандық «Социалистік жол» газеті кейін мақалаларын да үздіксіз жариялап тұрды. С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіргенде Әлекең жиырма жетідегі сақа жігіт еді. Оныншы сыныптан кейін оқуға түсіп кетуге қабілет-қарымы мен өресі жетіп тұрғанымен, әрі тартып, бері жұлқысаң да жеткізбей титықтатқан тіршілігі құрымағыр келешегіне кесе-

көлденең тұрып алған. Ол осы кедергі атаулының бәрін еңсерген соң ғана жолға шыққан...

1959 жылы Алматы облысы, Іле аудандық мәдениет үйінде қазақ үйірмелерінің көркемдік жетекшісі болды. Бұл болашақ жазушының сол кездегі астана төрінде жасаған алғашқы қызметі. Ал кәсіби журналистикалық жолы Қазақстан мен Қырғызстанға тарайтын «Теміржолшы» газетінде әдеби қызметкер, кейін аппараттағы арнаулы тілші болуымен ашылды.

Проза жанрындағы тырнақалдысы 1960 жылы «Қазақстан пионері» газетінде жарияланған «Серт» деген әңгімесіне көрнекті балалар жазушысы Сейітжан Омаров пен Өтебай Тұрманжановтар пікір айтты. «Ленин жолы» газетіне шыққан өлеңдер топтамасына Асқар Тоқмағамбетов алғы сөз жазды. Осылайша, жақсы-жайсаңдардан алған байыпты баға оны қияларға бастай берді.

1961 жылдың қарашасында Алматыдан балалық шақ, бозбала дәуренін өткізген Қазалысына қайта оралған жазушы-журналист содан бері туған жер топырағында табан аудармастан тұрып келе жатыр. Осы жылдар ішінде Сыр өңіріндегі кәсіби әдебиеттің өркендеуі мен журналистиканың дамуына, елдің экономикасы мен экологиясын жақсарту мәселелеріне, мәдени-рухани ахуалдың көтерілуіне, жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеуге, еңбек адамдарының қызметін бағалауға байланысты жазған очерктері арқылы келелі мәселелерге мұрындық болды.

Оның бір ерек қасиеті, қоғамдық талқыға түсуі керек қандай мәліметті де өзекті жайттың барысына егжей-тегжейлі зерттеу жүргізіп алмайынша, күн тәртібіне көтермейтінінде. Сөйтіп, мәселенің шығу себебі мен салдарын бажайлап, одан арылудың тиімді жолдарын ұсынатын Әлекең, журналистік сараптаманың қас шебері ретінде қалыптасты. Заманында оның жасаған аналитикалық пайымдаулары нысанаға деп тиіп, халықтың аңсарын жеткізіп жатты.

Әрине, шындық айту сол шындықты түбегейлі орнатып тастау емес. Ретті жері мен тінберін тауып, шығғырып айтылған мәселе сыналған адамға жеңіл тимейтіні белгілі. Елу жеті жылдық кәсіби журналистік жолда ол құқайдың небір көкесін көрді. Сонда да мойымады. Кедергі атаулыны еменнің иір бұтағындай қасқайып тұрып қарсы алды.

Қазалы аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары үш жыл бойы жалынды жастармен белсенді жұмыс атқарды. Өзінің де желең кезі, жұрттың бәріне ақтілеу көңілмен қарап, өзгелерден сондай ниет күтетін шағы. Жалындап тұрған кезінде «Ленин туы» газеті редакторының орынбасары

қызметіне ауыстырылды. Бұл 1965 жыл. Ауданның маңдайына біткен жалғыз басылым болғандықтан, сол кездегі саяси тыныс-тіршіліктің барысы, еңбек адамдарының қарқыны, ауыл шаруашылығының жетістіктері сияқты ағымдағы жұмыстардың тасасында қалып қоймай, шығармашылығын да ұмытпай, екі майданға қатар қызмет жасау, тап сол жылдары оңай шаруа емес еді.

Ізін білдірмей күндер, жымын жасырумен жылдар өтіп жатты. Редакцияның ағымдағы таусылмайтын тіршілігін бағып жүре берер ме еді, 1972 жылы Қазақстан Компартиясы Қазалы аудандық комитеті саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі қызметіне шақырылмағанда. Арада үш жыл өткенде, 1975 жылы Қазалы аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі қызметіне көтерілген Әлекеңді өмірдің нағыз қызығы мен шығығы осы жерден тосып алды.

1986 жылы Қазалы аудандық «Ленин туы» газетіне редактор болып ауысқанға дейін, табаны күректей он бір жыл ішінде ол мына дүрбелең тіршілікте әкімшілік-саяси қызметтің халыққа көрінетін күнгей беті мен мәңгі жұмбақ болып қала беретін көлеңкелі тұстарын, талай тартысты-таласты жақтарын көрді. Жай көріп қана қойған жоқ, бел ортасында жүріп, «мыңмен жалғыз алысты». Сол жылдары ол болашақта жазатын шығармаларының материалын жинақтады. Әрине, сол қызметте басқа біреу болса, соның бәрі көзге елеусіз уақиға саналып, құмға сіңгендей ізі-ғайым жоқ болар еді. Кеңестік идеологияның зар күйі, ұртоқпақ заманның қаны сорғалаған шындығы, Кеңес адамының арақатынасы, қызмет тұтқасында болған пенделердің шынайы бетбейнесі, халық пен билік арасындағы бітіспейтін бітеу жара талантты жазушының таңым таразысына тартылып, суреткердің қайраткерлігі арқасында тұмса қалпында шығармашылық айналымға түсті.

Кім-кімнің де өзіндік өмір жолы, өзіне ғана тән өмірбаяны болады. Егер сол өмірбаян ұлт жанашыры, халықшыл қаламгерге тиесілі болса ше? Онда әлгі дәуірдің бағы жанды дей беріңіз. Жазушының тағылымға толы өмірбаяны осы.

«Сырдария» кітапханасы сериясымен «Фолиант» баспасынан 2008 жылы Әлмәмбет Әлішевтің екі томдығы жарық көрді. Бірінші томға «Иірім» романы (1988), «Батыр болып тумайды» повесі (1970), екінші томға «Бәйтеректің бұтағы» романы (1981), ортақ тақырып аясында «Ой орамдары» әдеби-



философиялық толғаныстары мен эсселері топтастырылған. Келелі сөздің ендігі кезегі сол топтамалар негізінде, шығармаларындағы жанрлық түрлердің ерекшелігіне орай өрбімек.

Қарымды қаламгерлердің шығармашылық зертханасы қордаланған материалдарды дер кезінде іріктеп, саралап отыруды талап етеді. Ғұмырбаянын зерттеу нысанына айналдырып, әрбір шығармаға өзін кірістіре отырып, салғастыру арқылы біз келешек күндерде оның әр шығармасын жете зерттеуге мүмкіндік аламыз. Өлкенің әдебиеттануда жергілікті маман-әдебиетшілер тарапынан жедел қолға алынуы тиіс осы мәселе Әлішевтің тумагерлігіне қатысты кешеуілдеп келе жатыр.

Ә. Әлішев сыршыл сезімге, ерекше тіл бояуларына, жинақы композицияға құрылатын эссе, прозалық этюд жанрының шебері. «Бекарыстан батыр», «Ақтан баба» эсселері қазақ тарихының осал зерттелген тұстарын түгендеуге септігін тигізеді анық. Батырлар бейнесін ортақ қарастыра келе, «...Бұл киелі үш бабамыз бірін-бірі толықтырып, бірінің даңқын бірі асырған. Егер Жанқожа бабаның әдеби бейнесін жасар болсақ, Ақтан батыр мен Бекарыстан батырсыз хас батырдың бейнесі толыққанды болып шықпас еді» дейді. Не жазса да анығы мен ақиқатын білмей, қалам тербемеуге тырысатын Әлекеңнің тарихи таңым мәселесіне қатысты өз ұстанымы бар.

Тақырыбы мен композициясы жағынан жақын, бірінде көтерілген мәселенің өзегі екіншісінде дами түсіп, кие мен қасиет ұғымдары сабақты жіптей жалғасып жатқан халық ақыны Байназар Өтеповке арналған «Дарабоз дарын», халық арасында «Сары» атанып кеткен Ерназар Өтепұлы хақындағы «Қыдырды үш рет көрген» деген этнографиялық әңгімелер көркем суреттерге толы.



ИІРІМ ДҮНИЕ

Көне аңыз-әпсаналардың баяндауы бойынша, Қыдыр Ата өзінің назары түскен жанға әртүрлі кейіпте көрінеді. Әлекеңнің нағашысы Ерназар Қыдыр Атаны жылым салып, тары бастырып жүргенде «ақ жылан» кейпінде, кейін жантақ шауып жатқанда «ақ шапанды, ақ сақалды» қария түрінде бас-аяғы үш рет көреді. Далалықтардың сенімі бойынша, Қыдырды қатарынан үш рет көру өте сирек кездесетін құбылыс және екі пенденің бірінің пешенесіне бұйыра беретін несібе емес. Олай болса, нағашылары Қыдыр көрген жиенді де тым тегін дей алмасақ керек.

Аталмыш екі эссе де жазушының шыққан тегі мен генетикалық күш-қуатына, дала мәдениетін тұтынған қайсар жандардың бейнетті тұрмысына қоса, көрген әдеби мен парасатына, ұлттық үрдістердің өміршеңдігіне арналған. Әсіресе Байназар ақынның өмір жолы мен шығармашылығын сөз ететін туынды әдебиеттану айналымына түспеген тың мәліметтерге толы.

Эссеист жазушылардың рухани, ақыл-ой өресі мен білімдарлық байлық көзі ерекше көрініп қалатын ұрымтал тұстар кездеседі. Ол осы қос өрім қасиеттің шекарасында тұрып, өткенімізді парасаттылықпен пайымдайды. Осындай пайымшылдықтың биік үлгісін қазақтың көне аңыз-әпсаналарында баяндалатын, әсіре шежірешілдікті сынайтын «Кішкене баба» туралы эсседен де көреміз. Көкірегің даланың шежіре сөзі кернеген асыл әжесі Пірімбетқызы Балбөпенің аузымен уақиға көркем баяндалады.

Әрине, осы тұста Әлекеңнің жазушы Балғабек Қыдырбекұлының пайымдарымен келісе алмайтын жайттары баршылық. Алайда, әңгіме ол жайында емес, Кішкене туралы аңыздың астарындағы ақиқатта. Бұл жерде Әлішевтің ұсынысымен келіспеске болмайды. Әркім өз күлшесіне шоқ тарта беретін болса, қасиетті қазақ шежіресінің қандай күйге түсетінін бажайлап, одан арылудың жолын көрсеткен пікірін неге қоштамасқа?

Халық батыры, көреген әулие, ұлт азаттық көтерілістің қолбасшысы туралы ел аузындағы ғажайып уақиғаларға құрылған «Жанқожа баба әулиенің кереметтері» мен «Райымбек баба мен Жанқожа баба» деген туындылар да тың деректерге толы.

«Ғабеңнің «Ұлпан стансасы» әңгімесі қалай туды?» деген эссесінде Әлекең үзді суреткермен пойызда кездесіп, екі тәулік бойы ұзақ сырласуының барысын тәптіштей жазады. Эссе «Адамдар көп жағдайда жолда келе жатып, танысып-біліседі. Күндіз-түні дамылдауды білмейтін темір жол өмір жолы іспетті...» – деп басталатын сөйлемінен, қашан аяғына жеткенше оқырман да уақиғаның жетегінде жүреді. Үлкен желі ішіндегі шағын эпизодтарды сөйлетіп, уақиғаның дамуын үдету арқылы оқырманын

жалықтырып алмай, «Енді не болар екен?» дегізіп, келесі уақиға желісінен үміттендіріп отырады. Мұндай астарлы техникаға негізделген айла-тәсілдердің жымы білінбей, уақиға желі ішіндегі келесі кезеңге оңай өтеді.

Өмірде де, жазу өнерінде де Әлекеңмен қатар жүрген суреткер, кейін оның құрметіне баласына Сәукен деген есім қойған, бір ауыз ақылы ғылымнан бас тартқызып, біріңғай жазушылыққа ден қойғызған досы Сәуірбек Бақбергенов жайындағы «Досына адалдығын қадірлеген», ешкімге міндеті жоқ қаламгер, романтик дәуірін қатар өткізген отбасылық досы, әрі ағасы Тұтқабай Иманбеков жайындағы «Тұқа десе, Тұқа еді», «Қызға қырық үйден тыйым» атты бір мақаласының даңқына бола, іссапарда жүргенде Қазалыға арнайы іздеп келіп танысып, кейін бір-бірінен жан жылуын аямаған Қалдарбек Найманбаев туралы «Қырық жыл бойғы досым еді», даңқты тұлға, адал дос, адам танудың қас шебері, ұлы Ғабең іні болған Оразғали Ерекешов жайындағы «Біртуар кесек тұлға», мемлекет және қоғам қайраткері, тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Премьер-министрі, халық қалаулысы, парламентте Арал апат аймағы тұрғындарының өзекті мәселесін жалғармай көтеріп, Елбасының қолдауын алған халықшыл азамат Ұзақбай Қараманов жайындағы «Еселеніп өтелген парыз» атты эсселерін бей-жай отырып оқу мүмкін емес.

Мұнда көтерілетін өзекті мәселелерге қоса сомдалған портреттердің өзі сан алуан, бірінен екіншісінің ерекшелігі басым болып келеді. Жазушы осы алшақтықтардың өзінен соны соқпақ тауып, кейіпкер мінезіндегі кесек бітім, сырт көріністерге һәм жан-дүниесіне саяхат жасай отырып, тұтас бір дәуірдің, сол кезеңге тән адамдар арасындағы психологиялық ахуалды шебер кейіптейді. Және уақиға өрісіндегі әрбір бедер-бөлшек (деталь) Әлекеңнің өз болмысына, жүріп өткен шығармашылық жолына қатысты баяндалатындықтан, шағын эпизодтардың аяғына шығып, қашан уақиға желісі күрмелгенше оқырман еркін тыныс алатын азат мезгілді күтумен тағат таппайды.

Оқырманын баурап алып, өз әлеміне сіңіріп жіберуде ол өте нәзік, психотехникалық ішкі (имплицит) қасиеттерді шебер пайдаланады. Тек бейнелі ойлау қасиетін іске жұмылдыру арқылы жасалатын сөз өнерінде суреттеп отырған тұлғаны «тірілту» үшін ерекше көркем бедер-бөлшектер қолданылмайынша, ойға алған мақсатқа жету қиын. Эпикалық туындыда толық көрсете алмаған, жеткізу мүмкіндігі болмаған кейбір ойларды шағын эссе арқылы нақты әрі тартымды етіп беруге болады. Ол эссе жанры арқылы батыл болжам, өткір де өтімді ұсыныстарға барып, талас-тартыс тудыратын жорамалдар жазады.

«Әз Жәкем желеп-жебебі»

эссесінде күні кеше ғана билік сахнасында болған ақиқаттардың бірі сөз болады. Әуелде қалауымен келмесе де он жеті жылын арнаған сауатты журналистің көзбен көріп, құлағымен естіп, өзі куә болған, ащысы мен тұщысын қатар таттырған партия-совет жүйесіндегі бұл жағдаятты қарапайым халықтың сойылын соққан жанашырдың жанайқайы деуге болады. Қай заман, қай қоғамда болсын, кейбір билік иесінің шектен шыққан әрекетіне кім көлденең тұруы керек? Ақсақал атағын жамылып жүрген жемтік құмарлар жемсауы толып, жеме-жемге келген кезде бұғып қалса ше? Шындық деп шырылдаған болып жүрген жәдігөй үде мен мүдде тоғысында ұршығынан теріс айналып кетсе қайтпек? Сонда мына халықтың көз жасына шылған көкейіндегі ақиқат сөзді кім айтуы керек? Міне, нағыз жазушы, журналист пен өріп жүрген сымақтардың аражігінің ашылып, көлгір келбетінің көрініп қалатыны осы жер.

Жазушы осы эссесінде ғана емес, тұтас шығармашылық болмысында өзіне ғана тән қайсар мінезімен, жалғандықтан ада табиғатымен азаматтық ұстанымының тұғырынан табанын тайдырмаған санаулылардың бірі. Әуелі ар алдында, содан соң оның шындық сөзімен бетпе-бет келгенде күні үшін шимақталып, қолдан құйылған қалыпқа шақталған кейбір шығармалардың аяқ тартып, қуыстана бастайтыны сондықтан.

Публицистика мен көркем әдебиеттің орталық жанрларының қатарындағы осы кеңістік төңірегінде Әлішев те біршама тер төкті. Жазушы эсселерінен ежелдегі грек, латын әдебиетінен өніп, кейін еуропа, орыс прозасына тән ерекшелік ретінде қалыптасқан ырғақты қарасөз (ритмдік проза) сипатын байқауға болады. Бұл бізге Әлішевтің жазушылық жазырасының түп негіз, тұңғық түбіндегі алғашқы дәннің халық ауыз әдебиетіндегі шешендік үрдістен келе жатқан жұрнақ екенін байыптатады.

Кейінгі кезде көптеген қаламгерлер тың стильден қашқақтап, бұрыннан келе жатқан сүрлеуді қолайлайтын болды. Рас, сан түрлі жаңашыл қасиеттерге қоса, сезіну қабілеті, бейнелеу шеберлігі, жазу мәнері сияқты құрамдас бөліктер ерекше мәнге ие болуда. Алайда, осылармен қатар тұрған басты мәселенің бірі – өмір шындығын өзінше танып-білудегі суреткерлік шеберліктің орны ерекше. Дей тұрғанмен, сөз қолдану мен тілдік оралымдар жеке-дара тұтас стильдік ерекшеліктің айқындамасы бола алмайды.

Әлішевтің «Ой орамдары» деген ортақ тақырыпқа біріктірілген әдеби-философиялық толғаныстарын оқып отырып, осындай ойға қаласың. Мұндай шығармаларға өмірде болатын жайттарды жинақтап, тұжырымды

түйіндерді шыншылдықпен бейнелейтін реалистік көркем әдіс тән. Ал, оның тұғыры күнделікті тыныс-тіршілікте, адамның өмір тәжірибесінде кездесетін, екіншісі біріне қатысты нақты жағдаяттар. Адам баласының басынан өтіп жататын күнделікті көріністердің бояуын қанықтырып, тас төбесінен тік қарағандай көру қабілетіне ие талантты қаламгердің көңілге түйгендері өзінше бір әлем.

Өмір өрнектері күрделі екі адам болса, сөз жоқ соның бірі ойлы адам. «Кейде шырты ұйқыда жатқанда әлденендей дыбыстан оянып кете қойсаң, басыңды түрлі ойлар шыр-мап, көзіңді шайдай аштырады» дейді, жазушының өзі «Ой орамдарының» кіріспесінде. Олай болса, қаламгердің түн ұйқысын төрт бөліп, көкірегін кернеген тақырыптар тінін тарқатып көрейік.

«Билік деген көңілді жайлай қалса, жазылмас ауыр дерттің бірі». «Менің ұғымымда қазақ тілі мемлекеттік тіл болуы үшін ең алдымен мемлекет басшысы сол тілде сөйлеуі керек!». «Мына фәни дүниеде әділ болудан, әділдік көрсетуден, әділетті болудан қиын, одан ауыр жүк жоқ». «Талантты тану үшін де талант керек». «Адам атаулының ең сорлысы өзгенің өзіндей адам екенін мойындамау»...

Бұл көңіл төріне орныға кеткен кейбірлері ғана. Мұнда көтерілген әр тақырып шағын әңгіме түрінде тиянақталып отырады. Өмірде бар, болып жатқан, көбіміз мән бермейтіндіктен, ұсақ-түйек саналып, күнделікті обыр тіршіліктің жұтқыншағына кетіп жатқан мәселелер. Осының бәрі жазушының танымы арқылы таразыланып, ойыңдағыны дөп басады.

Дерек атаулы жеке-дара шығармаға арқау бола алмайтындықтан, өмірдегі болған нақты жағдайларды анық мәліметтерге сүйеніп бейнелеу тәсілі деректі жанрға өздігінен сұранып тұрады. «Ой орамдары» көтерген мәселелердің елеуметтік жүгі өзекті болатыны сондықтан. Аталмыш шығармалар халықтық тілек-мүддемен толық сәйкестікте қарастырылғанда өзінің идеялық-көркемдік сапасын арттыра бермек.

Шырмауы көп ой орамдарының астары осы.

Суреткердің «Ат тұяғын тай басар» (А., «Жазушы», 1975), «Батыр болып тумайды» (А., «Жазушы», 1970) атты екі шығармасының ішінде атын асқақтата шығарғаны Совет Одағының батыры Үрмәш Түктібаев жайында жазылған «Батыр болып тумайды» повесі. Кейін латыш тіліне аударылған.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған туындының тағдыры автордың балалық шағында көрген, басынан өткізген қиыншылақтармен бір ізді басады. Жазушы өзі кәу болған, бағамдаған уақиғалар туралы жазғанда, шығарманың шынайы болатыны туралы әңгімеде жан бар.



ИІРІМ ДҮНИЕ

Шығармадағы басты бейне Үрмәш. Басты кейіпкердің түптұлғасы, осы бейнені жасауға негіз болған, майдан даласынан оралмаған өз әкесі Әліш. Екі жасында көз жазып қалып, өмірде көрмеген әкесіне деген ынтызар сезімі мен перзенттік махаббатын суреткер осы орталық бейне арқылы жеткізуге тырысады.

Әдеби шығарма үшін таңдап алынған уақиға мен кейіпкер қаламгердің жан дүниесінде шөгіп жатқан сезім көкжиегіне сәулесін толық шашырата алмаса, шығарма мақсатты үдесінен шықпайды. Мұнда тарихта болған нақты тұлға, оның басынан өткен уақиға және автордың трагедияға толы тағдыры өзара байланыса келе, ортақ түйінде тоғысады. Жазылуы барысында бір үлгі-түрпатқа келтірілген жиынтық бейне әбден қырланып, Отан қорғау жолында жанын пидеткен қазақ сарбазының ортақ бейнесі жасалған. Көлемі мен тақырып ауқымының айқаралығының арқасында адамға тән сезім қатпарларын үңгіп, аршып көрсету арқылы повесть өзінің шақтаулы шамасынан шалқып шығып, психологиялық романға жақын келетін жерлері де бар. Бұл оның көлемі мен ішкі иірімдерінен көрініп қалады.

Жинақы композициялық табиғатына тән туынды егін орағы кезіндегі табиғат құбылысын суреттейтін қарапайым уақиғамен басталады. «...Су алмаға қау болып біткен арпа масағы баяу ескен самал желмен иіліп, сарғыш теңіздей толқынданады». Қаламгер арпа масағын теңіз толқынымен салыстырып, ұлғайта суреттегенде сарғыш түсті қолданады. Өйткені, сағыныштың сары түсі табиғаттың осы тыныш кезін ерекше бояуға малындырып бере алатын бірден-бір тетік. Көркем ойдың ажары шығармаға кіріскен тұста-ақ бейнелі-әсірелеу жүйесінде асқан шеберлікпен көрсетіледі.

Кейіпкердің көңіл-күйі кіріспеден бірден жарқ етіп көрінеді: «Сол күні көк зеңгір аспан шайдай ашық, ақпейіл ананың кіршіксіз көңіліндей жайдары еді...». Сол күнгі көңіл бедеріне тірек болған табиғат суреті осындай. Мұндай табиғат көрінісін – көркем пейзаж жасау үшін, сөз жоқ, суреткер ұлттық рухани-материалдық құндылықтарды жете біліп, білгенін ерекше сезіне алуы қажет. Бұл орайда Әлекең қазақ тұрмысының арғы-бергі жағдайынан толық хабардар қаламгерлер қатарында тұрады.

Оқырман жүрегін жаулап, оның қақ төрінен орын алу үшін сыртқы кескін-кейпін, тұлғасы мен тұрқын көрсетіп алып, келесі кезекте ішкі мінездемелерін ашу арқылы портрет сомдаудың мәні ерекше. Әлішев өз кейіпкерін әуелде-ақ қайнаған еңбек майданының бел ортасында суреттейді. Шаршау мен мою

дегеннің не екенін білмейтін осы бір оптимист жігіттің бейнесі шығарма күрмелгенше оқырманның көкейінен бір пәс төмендемейді. Керісінше, көз алдында ұлғайып, толыса түседі, «...қара көздері дәйім күлімдеп жүретін тәмпіш мұрындылау, дөңгелек жүзді, қара торы жайдары жігіттің орағы күннің арайлы шұғыласына шағылысып, жарқ-жүрқ етеді...». Үрмәштың еңбек майданындағы бұл бейнесі бейнеттің бақшасында пісіп-жетілген әрбір дала қазағының жанына жақын.

Екі жастың арасындағы махаббат сезіміне қатысты уақиғалар Қарагөз арқылы күшейтіледі. Масақ қалдырмай жинап алуды мұрат тұтқан көңілді қыз-жігіттердің арасындағы жағдай айтылатын тұста Үрмәштың ішкі сыры мен көңіл-күйін білдіретін толғау сөзі бар. Үрмәш пен Қарагөздің суреті дала жағдайындағы үлгі-түрпаттық тұлға биігіне көтеріліп, мәңгілік бейне дәрежесіне жеткен, заман мен қоғам өзгерсе де өзінің танымдық тағылымын жоғалтпайтын әдеби бейнелер. Енді міне, ынтызар көңіл дымын білдірместен, іштей егіледі: «Қарагөз! Есіміңді қалай дәл тауып қойған сенің... Қай жігіттің жүрегін мәңгілік қуанышқа бөлер екенсің». Осындай жарасымды жағдайда басталған туынды алда келе жатқан соғыс өртінен хабар берер тұста ұршығынан теріс айналып, өзінің қарама-қарсы жағына қас қағым сәтте аунап түседі.

Тағы да табиғат суреті. Бірақ бұл жолы сондай суық. «Батыс жақ қыздың қызыл орамалын шымылдық етіп тұтқандай, алауланып, мұнартып барады». Осы бір ауыз сөзден-ақ алда бір сұмдықтың келе жатқанын сезіп, кәдімгідей дегбірін қаша бастайды. Қарагөзге деген ынтық сезімін сездіргісі келген Үрмәш сөзін аяқтай бергенде, «...ұлы жолмен дүрсілдете шапқан ат тұяғының дыбысы келді құлаққа. Қарсы алдынан пошташы Мырзалы қарт шыға келді. Суыт жүрістен астындағы атының ақ көбігі шыққан...». Міне, тап осы жерден бастап уақиға арқауы шырығып, оқырманның жүрегі кеудесіне сыймай атқақтап, әлгі пошташы шалдың мінген атының тұяғымен бірге тыпыршып, бейбіт дүниеге келген дүрбелеңнің әсерінен қобалжи ала жөнеледі.

Соғысқа өзі сұранған Үрмәш түнімен ұйықтай алмайды. Сайлаубек пен Мақпалдың үйлену тойындағы уақиғаны ойлаумен болады. Қыз-жігіттердің арасындағы «Жолдас табу» ойыны... Сайлаубек шырқаған ән падишасы «Қорлан». Сол кеште жанына жақын отырған Қарагөз... «Енді соның бәрі Үрмәштың көз алдынан киноның лентасындай өтіп жатыр...» деп күрмейді, қаламгер.

Уақиға желісі осы жерден тізгін тартқанда ананың Наурызбикенің бейнесі

көрінеді. «Жаңа-жаңа ұйысып, адам болып, халық қатарына қосылып келе жатыр едік. Сұм соғыс, қайдан кездестің біздің бағымызға...», мүмкін Қаманымды әскерге алмас деген үміт жетегіндегі шерлі ананың монологу Әлмәмбеттің өз тағдырындағы Балбөпе әжесінің бейнесін еске түсіреді. Ол да қан шеңгелдеген майдан даласына екі ұлын қатар аттандырып, аңырап қалмаушы ма еді?

Үрмәш пойыз үстінде Арал маңынан өтіп бара жатып, кіндік кескен Жиделісін ойлайды. Оның да әкесі Түктібай мына жарық дүниеге Үрмәш келген соң бір жылдан кейін бақиға көшкен. Аталмыш егіз уақиға Әлмәмбет екі жасқа толғанда майданға аттанып, хабарсыз кеткен әкесінің тағдырын елестетеді. Жалпы, жазушының жеке ғұмырбаяны мен ол жасаған көркем бейне арасындағы өмірлік шындықтың бірі осы.

Мұнда сонау көне-антик дәуірден жетіп, көркем проза жанрына адам танымастай кейіпте кірігіп кеткен хат түрінде жазылатын – эпистолярлық әдебиет жанры да қисынды қиюластырылған. Кейде осы жанрға негізделген көлемді прозалық шығармалардың хат түрінде жазылатын формалары да кездеседі. Әлішевтің негізгі кейіпкерлері Үрмәштың қалаулысы Қарагөздің анасы Наурызбикемен жазысқан хаттарына ерекше орын беріледі. Осы әдіс арқылы суреткер сезім мүмкіншілігін сарқа пайдалануға тырысады. Үрмәш аяулы анасына жазған хатында былай дейді: «...кеше алғаш рет қанды майданға қатыстым. Бұрын ауылда жүргенде қарғаны да атып көрмеген балаң тұңғыш рет адамға оқ атты... Шынымды айтсам, қорықтым...».

Адамзат баласының басына түскен қасіреттің үлкені бір-біріне қару кезеніп, оқ ату. Соғыс атаулының сұмдығын жазушы осындай шағын бедер-бөлшек арқылы әсерлі береді. Автор Үрмәштың немістерден «тіл әкелуге» барғандағы ерлігін де хаттың аясына сыйғызып, көсіле суреттейді.

Майдан даласының уақиғалары тыныс алған тұста басты кейіпкердің қиялы арқылы берілетін ел суреттері, ондағы төсек тартып ауырып жатқан жас жігітке партия ұясының хатшысы Әмірхан көңіл сұрай келіп, Үрмәшқа әрідегі бесінші атасы тоғыс Ақпан батыр туралы Алпысбай қарттың әкесінен естіген, оған Қызылдың қиясында кездескен Орынбасар батыр айтқан «ыстық күлше шайнатып, аузындағы отыз тісін қағып алып» жетегіндегі тоғыз нардың бірінің үстіне артылған қымбат қазынамен қалдырып, қарақшылығын қойғызатын оқиғаның баяндалуы тым ерекше. «Сол бір оқиға майданға түсер алдындағы, аз ғана демалыста Үрмәштың көз алдына елестеп еді. Ол ауылын

сағынды», дейді автор.

Суреткер әлгі аңыздан соңғы кейіпкерінің бойын билеген сезімдер жиынтығын осылайша түйіндейді. Әрине, автор бұл бедер-бөлшекті уақиғаның шиеленіскен тұсына жайдан-жай пайдаланып отырған жоқ. Өйткені, барша үмітінен айрылса да адамзат баласының бойында ең соңынан өлетін ізгі күш батырлық рух.

Жиырма жеті жастағы қыршын жас өзінің ажалының жақындап келе жатқанын білді. Өмірлік шындықтың өзі солай ғой. Адам баласы үшін алдында ненің күтіп тұрғанын болжау қасиеті бұйырмаса да, сезіну – ет пен сүйектен жаратылған пенде үшін кәдуілгі таныс сезім. «Ыбырайым, сен байқайсың ба, біз батысқа қарай жылжыған сайын мен ауылды жиі еске алатын болдым. Өлде, туған жерден қашықтап бара жатқанымызды жүрек сезе ме?.. Соңғы екі күннен бері ұйықтасам түсіме тек ауыл енеді. Апам... Ауылдастарым...».

Бұл Үрмәштың соңғы монологу. Аты суық ажалдан ол да қорқады. Сөйтіп, түйсіктегі түсініксіз сезімдер арқылы суреткер оқырманының жүрегіндегі кейіпкерге деген шексіз сүйіспеншілігін оята түседі. Латвияның Перели деревнясының тұсындағы кезекті бір шайқаста оғы таусылып, қолма-қол ұрысқа көшкенде автоматтың дүмімен жаудың жиырма адамын ұрып өлтіріп, жастығын ала кеткен Үрмәш батырдың жазира далада жалаңаяқ жар басқан, асық атқан досы Ыбырайымның «ой, бауырымдап» құлап, маңдайынан сүйіп, «Елге не деп айтамын? Аман қайтсам, алдымнан сүйікті анаң Наурызбике шығады ғой. «Ыбырайымжан-ау, менің Үрмәшым қайда, бірге кетіп едің ғой» демей ме? Сонда не айтамын абзал анаға?..» деп аңырайтын дала қазағының зары жанарымызға жас үйіреді.

Ер көңілді көшпенді ұрпағының жанындағы жолдасын тастап, елге тірі қайтуды ар санауы әлем әдебиетінде сирек кездеседі. Міне, осы уақиғалардың барлығы Әлішевтің шығармашылық әлемінде эпикалық сарынға суарылған бедер-бөлшектерді ретті пайдалау арқылы, ұлттық таным тұғырын негіздей отырып берілген. Ұрпақтың генетикалық жадында сақталатын осы ұлы күш әкіретке дейін сана түкпірінде жатады. Адам баласы қиналып, жаны қыдырғанда бабалардан қалған асыл рухтың көмекке келуінің бір себебі содан. Шын мәнінде ешкім де батыр болып тумады!

Суреттеу мен әсер етудің барша психологиялық, эстетикалық, әдеби-көркем құралдың озық үлгілерін іске қосу арқылы реалист жазушы өмір заңынан алыстамай-ақ болған уақиғаларды әсерлі баяндайды.



ИІРІМ ДҮНИЕ

Үрмәштың арманы болған «Қарагөз Наурызбике ана мен Қалманның ақ тілеуін алып, тұрмысқа шықты». Шалғайдағы латыш еліне іздеп барған ағасы Қалман қара қошқыл мәрмәр ескерткіштен Совет Одағының Батыры, кіші сержант Үрмәш Түктібаев деген жазуды оқыған бойда, «Үрмәш! Үрмәшым менің! Айналайын, сені де көретін күн бар екен ғой!» деп, інісінің сүйегі қалған жерге бауырластар қойған жансыз қара тасты көргенде бауырын тірі көргендей еңірейді.

Үрмәш жатқан қабірден туған жеріне бір уыс топырақ ала келген Қалман оны анасы Наурызбикенің зиратына апарып қосады. Бұл сүйегі жат жерде қалған боздақты Жер-анамен қауыштыру рәсімі. Тәннің топыраққа айналғанымен, рухтың мәңгілік екенінің ишараты, бақиға көшкен адамның рухы жай табу үшін жасалатын ежелгі ырым. Қаламгер батырлық рухты бойтұмардай сақтап, мәпелеп күте алмаса, хас батырлар жайында шығарма жазуға дәті шыдап, қолы бармаған болар еді.

Асылында, адам баласы батыр болып қалыптасады!

Жазушы Әлмәмбет Әлішевтің құрылымы күрделі, кеңістігі кең эпикалық шығармалары – «Бәйтеректің бұтағы» мен «Иірім». Екі романды біріктіріп тұрған тін әдеби шығармадағы автор бейнесінің жанама тәсілдер арқылы емес, өзі арқылы тікелей көрініс табуында.

Көркем шығармада әдеби қаһарман бейнесінің көріну қалпы, идеясы, көзқарасы, ұғым-түсініктері, наным-сенімдері көбінесе шығарманың идеялық-көркемдік сипатынан көрінетін. Мұндағы басты ерекшелік, жазушының басынан кешірген дәуір шындығы шығармаға астар болғанында. Осы уақиғалар екі шығарманың да өзара қиысуын – архитекtonикасын тұтастандырып, автордың идеясын жүзеге асыратын әдеби қаһарман, уақиғаны әңгімелеп айтушы баяндаушы бейне және авторлық бейне ортақтаса келіп, лирикалық қаһарман бейнесін жасаған. Автордың көңіл-күйіне суарылған лирикалық прозаның бір ерекшелігі осында.

Осы төрттаған жүгін көркем шығарма арқылы автордың өзі алып шығуы сирек болса да кездеседі. Екі туындының да ғұмырнамалық, мемуарлық сипаты басым. Өйткені, жазушының дүниетанымы, оның ішінде саяси, философиялық, эстетикалық көзқарастары мен соны бейнелеп көрсететін шығармашылық әлемі бір-бірімен тығыз байланысты. Жазушыны толғандырған мәселелер оның көркем шығармасына негіз болады. Ендеше, бұл өзі өмір сүрген қоғамды таным дүниесімен ұштастыра келе, мұраттарын алға тарта отырып, бір дәуірдің тарихы баяндалған өмірбаяндық жанр жүгін көтерген деректі

көркем шығарма.

Жеке тұлғасын көрсететін өмірбаянның келелі оқиғалармен ұштаспай қалуынан секем алатын көптеген жазушылар бұл жанрға қалам тартудан қаймығады. Әдебиеттанушы Т. Бекниязовтың «...кез келген автор өмірбаяндық жанрда шығарма жазуға ұмтыла бермейді» деуінде мінәйісептер бар. Әлішев бұл тарапта да өзін қиындық атаулыға қарсы қойған қайсарлығымен тәнті етіп, «тар жол тайғақ кешулі өмір мектебін» оқырманымен тең бөлісуден қаймықпайды.

«Бәйтеректің бұтағы» дамылсыз жүрістен тобылғы торысы әбден болдырған, үйелмелі сүйелмелі немерелеріне сүтін сауып беріп отырған ала сиырын іздеп шығып, жапан далада келе жатқан жабырқаулы қара шал Шәріптің монологуынан басталады. Әрі қарай лирикалық шығарма осы толғау сөз арқылы қазақтың қара шалы тап болған тарихи кезең туралы айтады. «...көріңде өкіргі Китлер ит соғыс салып... енді мынау, қартайған шағымда отбасында да отыра алмай, жиһан кезіп келе жатқаным... Әкімгерей мен Әділгерей, Кенжетайым соғысқа кетпей, елде болғанда мүйізінді қағып, ыссы сорпаңды ішер едім...» дейтін қара шал, титықтаған торысымен сырласып, «Әлгі қарасан келгір табылса, өзіңе жазға шейін ер салма-спын...» деп, ілібіп келе жатқан көрі тарланына мұң шағады.

Қара шал тобылғы торымен адамша сөйлеседі. Ол да «шалдың бар сөзін түгел түсінгендей басын шұлғиды». Осы көрініс-бөлшек (эпизод) түркі-моңғол эпостарындағы батыр мен оның тұлпарының бейнесін еске түсіреді. Кейінгі қазақ эпостарында да бұл екі бейне біртұтас суреттеледі. Эпостағы халықтың қамын ойлаған хас батыр үшін астына мінген аты емшектес анда, ақылшы аға, сырлас дос, қысылтаяңда қол ұшын беретін жан серігі, жапанда жалғыз жорытқанда мұңдасы.

Әлішев осы эпикалық сарындағы шебер пайдаланған. «Осы маңда өзек бар сияқты еді... Кірейшінің қыста тасып алармын деп орғызған пішені. Сол араға жетсем, бір-жар бауын шалдырмаймын өзіңе...» Бұл бағытынан адасып келе жатқан қара шалдың монологу. Өзінің мүсәпір халіне қарамастан, жастығының куәсіндей болған тобылғы торысына күш жинау үшін талғажау ететін шөп іздеп жүріп, «Жаған пішенінді кейін кірейшіге өзім қайтарып беремін, ұлықсатсыз алып, екі дүниеде мойныма қарыз болма-сын...» дейді. Ажал-аждаһаның тырнағына ілінгелі тұрса да екі дүниедегі қарызын ойынан бір шығармайтын имандының жан сыры осындай. Жалпы, қара шал романдағы кесек сомдалған орталық бейнелердің бірегейі. Майданға кеткен ұлдарынан «теңдесі жоқ ерлік жасап қаза тапты, хабар-ошарсыз жоқ болып кетті» деген «қаралы қағаз»

келгенде де айналасына басу айтатын сексен үштегі қарияның қайратына таңғалмасқа шараң жоқ.

Романдағы орталық кейіпкерлер үш ұлын майданға аттандырып, «келеді» деген үмітпен көздерін талдырған Шәріп пен Гүлдәрі, жиырма жасқа жетпей жесір қалған қос келіннің бірі, ақ некелі жар сөзіне, жастығына адал Жанар мен әйелдікке салынып, жолдан бала тапқан Ғазиза, Ақтілеу мен Ерғабыл, Олжабай мен Зәурештің де бейнелері сәтті әрі шынайы шыққан. Шығарма күрмелер тұста Ақтілеу қарындасы Зәурештің орындауында Мұхит салдың отыз ұлынан айрылған кейіпкер атынан айтатын жоқтау – реквиемді тыңдап, егілетін шағын көрініс бар. Әлгі жерінде Әлекең былай дейді: «Осы жүрек қылын шертетін зарлы әнді тыңдағанда ол әкесін ойлайтын... Ақтілеудің көзінен ыстық жас ыршып-ыршып түсті. Төмен қараған күйде көзін беторама-малымен сүртті. Жанындағы Раушанға қарап еді, ол да көз жасын құрғатып отыр екен...».

Бұл автордың өз көңіл-күйі еді. Романда Ақтілеу Украина жеріндегі шағын деревняға іздеп барып, бауырластар зиратынан әкесі Әкімгерейдің жатқан жерін табады. Әрине, бұл жазушының аңсарынан туған уақиға, көркем шындық. Алайда осы бір эпизодты тебіренбей оқу мүмкін емес. «Шеткі қабірдің жанына жеткен кезде өзін-өзі ұмытты. Бейіттің жанына тізерлей отырған Ақтілеу өзін ұстай алмай егіліп, елжіреп қоя берді.

– Әкем менің! Біз сені қанша жыл зарығып күттік. Әкем ертең келедімен ұлың да ер жетіп... Ерім тірі келеді деп күтумен жарың да қартайды... Үш ұлының біреуі аман болар деген сенімі алдамшы болып, әке-шешен де дүние салды... Іздеп келіп отырмын, аяулы әке, өзінді. Құшағың қайда ұлыңа ашқан?! Әкелік мейірімінді, қамқорлығыңды аңсадым. Маңдайымнан сипайтын аялы алақаныңды сағындым...».

Трагедиялы тағдыры туралы бір адамға тіс жарып айтып көрмеген, ес білгелі кеудесінде шөмен болып қатып қалған қайғы-мұң мен жүрек жарасын уатып, Ақтілеу ұзақ жылдайды. Лирикалық кейіпкердің жан сырымен бірге көркем шығарманың астарына өрілген нақты тарихи шындықтың да бедері осы жерде анық көрінеді: «Әкешім менің! Ұлыңның әке деген сөзін тіріңде ести алмай, арманда кеткен едің. Ең болмаса қабірің естісін...».

Лирикалық кейіпкердің толғауы зарлы. Әке көрген, әкенің қамқорлығын, әке махаббатын көрген адамның арманы болмайтынын сонда терең сезінесің. Осы ішкі монолог тұсында суреткер кідіріс арқылы шегініс жасап, кейіпкердің көңіл көзімен өзінің өміріндегі елеулі кезеңдер мен уақиғалар тізбегіне тағы да тізгін береді. Содан соң, «Қара шалдан қалған тобылғы торының ізін басқан

қасқа тай қазір кемеліне келген су шайқалмайтын жорға» дейді.

Расында да, алып бәйтеректің бұтағындай, тобылғы торының ізін басқан, суреткерлік әлемдегі су төгілмес бозжорға бүгінгі Әлекеңнің – жазушы Әлмәмбет Әлішевтің өзі болатын!

«Иірім» романында уақиға шиеленісті жағдайда өрбиді.

Кейіпкердің мінез-бітімінен қай халықтың өкілі екенін жазбай танытатын ұлттық мінез деген болады. Т. Бекниязов әлгіндей тарихи санаттың қоғамдық, рухани, экономикалық, саяси жағдайларға байланысты қалыптасатын төрт түрлі ерекшелігін тілге тиек ете келе, белгілі бір шығарма арқылы ұлттық мінез жасау үшін ұлттың дүниетанымы мен психологиясын білу керектігін айтады. «Иірім» романындағы уақиғалар толайым жоғарыда аталған төрт тірекке орай өрістейді.

Жазушы осы заңдылықтарға сүйене отырып, шығарманың жүгін көтеріскен кейіпкерлердің белгілі бір өлкеге тән мінез суреттерін жасайды. Өлкелік ерекшеліктерден сәл де болса хабары бар адам шығарма арқауындағы шындық пен кейіпкерлерді жаңылмай таниды. Әрине, «Иірімде» Ақтілеуден басқа кейіпкер атаулының аты-жөні толығымен өзгертілген. Жер аттары да ойдан шығарылған. «Қаратал облыстық партия комитеті» деген сөзден-ақ уақиғаның мезгілі анық болғанымен, мекені ауыстырылғанын іштей сезіп, біліп отырсыз. Өйткені, Қазақстанда Қаратал облысы деген атымен болған емес. Алайда «Бәйтеректің бұтағы» романындағы Ақтілеу бейнесі араға түскен жылдардың айырмашылығынан кемеліне келіп, әбден толысқан азамат, кәсіби журналист ретінде уақиғаға қатысушы басты кейіпкер ретінде қайта көрінгенде, бұрынғы танысыңмен қауышқандай боласың. «Иірімді» осының алдындағы «Бәйтеректің бұтағы» романының жалғасы дейтініміз сондықтан.

Бір жерде ұзақ қызмет жасаған адамдардың мінез-құлқының өзгеруі, мемлекет болып ұйысып үлгермеген жұрттың жүзге бөлінуі, жақын руласына сүйеніш таныту, қызметтестер арасындағы опасыздық, білім, қабілет, өресі әлсіз болса да жүнді білек ағаға арқа сүйеу арқылы Құдайдан басқа сыйынары мен сүйенері жоқ адамдардың көретін құқайы... сияқты қазақты қажытып жүрген уақиғалар тізбегі тарқатыла бастағанда, романның осыдан қырық-елу жыл бұрынғы желісі жылжып, тап бүгін болып жатқан көрініс сияқты әсерде қалдырады. Осы ерекшеліктің өзінен толағай жазушының әлдеқашан жасаған үлгі-тұрпаттық (типтік) бейнелері сіз бен біздің өмір сүріп отырған қоғамда да өзектілігін жоймай келе жатқанына куә боламыз.

→

ИІРІМ ДҮНИЕ

...Көксу ауданының аупарткомы Ботбай Сахиев пен обкомның хатшысы Қыстаубай Бүкіровтың арасындағы туыстық арақатынас кісінің басына іс түскенде шиеленісе түседі. Шығарма білімі таяз іні мен дүмі күшті ағаның арқасында илалап өскен саяси қызмет сатыларын суреттеуден басталады. Сөйтіп, тақырып аясы тамыр жая келе, бүгінгі күн келбетімен бетпе-бет келеді.

Кез келген көркем шығарма болған және болуы мүмкін уақиғаларды бір үлгіге түсіріп типтендіреді. Алыста қалған алпысыншы жылдарда Құмбел совхозының директоры Таппай Ескермесов және облыстық партия комитеті мен аупарткомның бірінші хатшысының арасындағы шырмауықтай шырматылған уақиғалардан бүгінгінің облыс, аудан, ауыл әкімі арасындағы егіздің сыңарындай ұқсас суреттердің көлеңкесін көріп отырып, «ел жаңа» деп аталатын елу жылда ештеңенің де өзгермегеніне амалсыз қайран қаласың.

Орталық кейіпкер Ақтілеу Әкімгереев – журналист, Көксу аудандық партия комитетінің аппарат қызметкері, шындықты бүкпесіз айтып, жазудан қаймықпайтын жан. Шығармашылық адамның болмысы мен қасаң әкімшілік аппарат қызметкерлерінің арғы затындағы от пен судай қабысуы мүмкін емес қарама қайшылықтар бейнелердің алуандығы арқылы шығармаға ерекше әсер береді. Мінберге шығатын басшы үшін қатардағы қосшының баяндама жазуы... әлгінің барлық жерде сөйлейтін

сөзін дайындау арқылы сарқылу... өзін лауазымды басшы орнына қойып сөйлеу... сөйтіп халықтың көкейіндегісін айту... ақыр аяғында әлгі өтеусіз қызметі үшін сынық сөйлем жылы сөз естімеу қасіретінің қандай екенін көресің, бұл шығармадан. Оқып отырып, «Сонда бұның басшысы кім, қосшысы кім?» деген жауабы жоқ сұрақтардың құрсауында қаласың.

Әлмәмбет Әлішев екі күннің бірінде қалып, сол арқылы адамдық құқықтары тапталып жүрген «әдеби негрлердің» запырланды зарын төгеді. Аупарткомның екінші хатшысы Қален Қабиевтің бейнесі арқылы күні үшін қатар жүрген азаматтарды сатып кете салудан тайынбайтын опасыздың бейнесі суреттелсе, сол аупарткомның хатшысын сайлайтын әкім-қаралардың ахуалы бүгінгі қолға үйретілген кейбір халық қалаулыларын еске түсіреді. Әлішевтің «Аупарткомның хатшысын актив сайлауы керек. Бірақ обкомның хатшысы ертіп әкелген адамды әзірге еш жерде қабылдамай, қайтарып жібергенін естіген жоқпыз» деген сөзі демократия деген ұғымның әзірге тек тілдің ұшында жүргенін көрсетеді және кешегі Кеңес Одағы мен бүгінгі күннің арасындағы қасаң жүйеде, оның басқару, сайлау, қызметке орналастыру, қызмет істеу қағидаттарында пәлендей айырмашылық жоқ екенін ұғындырады.

«Халықтың бұған да еті үйреніп кеткен. Оңашада талқылайтыны болмаса, көп алдында көзге түсіп, басшыларға шіркін атанғысы келмейді»

дегені, бұғып қалатын бүкірі көп бүгінгі заманның боямсыз шындығы. Романда көптің мүддесі шетқақпай қалып, жалғыздың жағдайы үшін барлық мүмкіншілік атаулының жасалып бағатындығы айтылады. Осы суреттердің бәрінен кешегі жеке басқа табыну дәуіріндегі құлдық сананың қазақ қоғамында әлі сол қалпында екенін аңғару қиын емес.

Ол кезде халықты кеңестік-адами ізгілік рухта тәрбиеленуге үндеп, осы жолда үдемелі күрес жүргізіп отыратындықтан, кеңестік «шындықтың» (соцреализм) шырмауы мен бұғауынан шығып кету қаламгерлер үшін оңай болған жоқ. Әлмәмбет осы әлеуметтік тордан сытылып шығып, сол Кеңес Одағының азаматы бола жүріп, сыншыл реализм идеясына қызмет жасаған жазушы. Бұл бағыттың басты ерекшелігі қоғамдық өмірдегі қайшылықтар мен кемшіліктерді сынға алу, еңбекшілердің көңіл күйін бағып, билеуші топтың қолдан жасайтын әлеуметтік теңсіздігіне деген наразылығын білдіру арқылы әдебиетті қоғамдық өмірмен тығыз байланыстырып, оның идеялық мазмұнына қозғаушы күш беру. Өкінішке орай, әлгі қасиеттердің санаулы қаламгерлерге ғана тән екенін айтпай болмайды.

Мұндай әдеби ағымның астарында және осы идеяға қызмет ететін шығарманың мазмұнында еңбекші халықтың сойылын соғумен қатар, сол әлеуметтік топтың қоғамдық өмірді өзгертуге болатыны мен оның кемел болашағына деген нық сенім жатады. Бұл бағытта жазылған шығармалар түңілу сипаты басым (пессимистік)

сарындардан бойын аулақ ұстайды. Біз осы ерекшелікті «Иірім» романының күрмеуінен көреміз.

Ауданға жаңадан келген аупарткомның басшысына тоқсан мың халықтың үмітін арту арқылы жазушы келер күнге сенім білдіреді. Ел өз келешегіне сену арқылы ерте ме, кеш пе қоғамдағы бассыздық атаулыны тыйып, өзіне тиісті дәрежеде үлесін алатындығын меңзейді. Шым-шытырық уақиғаларға толы көркем туынды осылайша көтеріңкі көңіл күймен биік нотада күрмеледі. Автор ел басқарған басшының иірімге түскен қу қайықтың ескекшісі екенін айта келіп, романның соңғы сөйлемінде «Шіркін, сол иірімнен абыройлы шыққанға не жетсін?!..» деп түйеді тарихи шындықты тірек еткен, реалистік көркем бейнеге толы деректі-мемуарлық шығарманың тобықтай түйінін.

Әлмәмбет Әлішев ойға алған мақсат-міндеттерін орындап, межелеген белестерін бағындырып келе жатқан, сөз өнерінің шыңына көтерілген жазушы. Біз көзі тірісінде оның келешектегі жоспар-жобаларымен де бөліскен едік. Сол күндердің бірінде Әлекең қиял түбінде қоздап, «Қоламтада қалған шок» деген шығарманың жазылатын күні мен сәтін күтіп жатқанын айтты. Алайда оған жазушы ағаның ғұмыры жетпеді.

Иірім дүние. Бұрынғы жарияланымдарда: Шындықтың шырақшысы // Тұран-Қазалы. – 2014. – 2 сәуір. – № 25. – 2–4-бб.; Иірім дүние // Сыр бойы. – 2014. – 12 сәуір. – № 51–52. – 8–9-бб.

Берік ЖҮСІПОВ,
фольклортанушы

◆ Ертең – КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Әлмәмбет Әлішевтің туған күні!

ӨРЕСІ БИІК, САЛМАҒЫ АУЫР ТҰЛҒА БОЛАТЫН

Осыдан бірнеше күн бұрын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясынан Раушанбек ініміз хабарласып, Әлмәмбет Әлішев ағамыздың сәуір айының он төртінде туған күні екенін айтқанды. Сонда тірі болғанда марқұм ағамыздың 85 жасқа толғанын тойлайды екенбіз ау.

-Беке, ол кісінің көзін көргендердің бірісің. Әрдайым Әлекең ағамыз сөз өнерінің марқасқасы, әрі мақала жазудың қыр-сырын сол кісіден үйрендік деп айтып жүргендеріңді естіп те жүрмін. Сондықтан ағамыздың туылған күніне 85 жыл толуына орай лебіз пікіріңізді жазып берсеңіз деген ұсынысын білдіргенді, - Раушанбек. Осыған орай қолыма қалам алдым.

Иә, Әлмәмбет Әлішев ағамыз көптеген қалам ұстаған таланттылардың бағын ашты, тілші, журналист болуларына септігін тигізгендігінің куәсімін.

Ардақты ағамыз тәлімді тәрбие мен сауаттылықты, мақала жазудың қыр-сырын

үйрете білудің өте шебері болатын. Кеудесі қазынаға толы азамат бойындағы бары мен нәрін кейінгілерге дарыта отырып, заман ағымына қарай бейімделіп мақалалар жазудың небір үлгісін көрсетті. Талай жас тілшілерді тәрбиеледі, шыңдады, қарымды қаламгерлер қатарына қосты.

Аға өзі мақала жазса әрбір сөзін пісіріп айтатын, келістіріп жазатындығына сүйсінетінбіз, әрі бізде солай етіп жазсақ деп еліктейтінбіз.

Ол кісінің алдына барып шыққан сайын ерекше бір әсер алып, сөз саптауының ерекшелігіне таңырқайтынбыз.

Абыз ақсақал Әлмәмбет Әлішев ағамыздың аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің бас редакторлығын өмірінің соңына дейін қалай атқарғандығы аудан халқының көз алдында. Ол туралы жазып та айтып та жүрміз.

Ағамыздың аудандық партия комитетінде атқарған қызметін жақсы білеміз. Бірнеше шығармаларын оқып жүрміз. Мен өзім 1970 жылдары

әскер қатарына шақырылғанда ағамыздың «Батыр болып тұмайды» және С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» кітаптарын өзіммен бірге алып кетіп, Саратов қаласындағы (в/ч 7463) ішкі әскер бөлімінің кітапханасына тапсырып кеткен едім. Қазір сол аталмыш кітапханада сол кітаптар барма екен деп те ойлап қоямын. Мүмкін барда шығар.

Әлмәмбет Әлішев жаратылысынан ерекше арыстан мінезді, іскер де талапшыл, өресі биік, салмағы ауыр тұлға. Өзін көпшілікке мойындата білген кісі-тұғын. Ауданымыздың рухани саласын дамытуда, соның ішінде өлке тарихын зерделеуде алдына қара салдырмайтын, үнемі ізденіс үстінде жүріп, өнімді еңбек еткен, сөз өнерімен өрге өрлеген қарымды қаламгерді аудан жұртшылығы кезінде ардақтады да әлі де ардақтай бермек.

Әлмәмбет аға жайлы көп айтуға да жазуға да болады. Ол кісінің мемлекет тарапынан алған марапаттарымен атақтарын тізбелеп айтуды

артық санап отырмын. Олар жайлы әр кездері айтылып та жазылып та жүр. Аллаға шүкір, артындағы ұрпақтары да елге танымалдар қатарында деп толық айтуға болады. Осындай ардақты ел ағасын мәңгілік есте қалдыру үшін аудан орталығындағы көрнекті бір көшеге есімі берілсе.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газеті редакциясының кіре берісіндегі сыртқы қабырғасына ағаның суреті мен қысқаша өмірбаяны жазылған граниттен тақта орнатылса.

Аудан руханиятының жоғын бүтіндеп, жыртығы болса жамап жүретін, әрбір сөзін пісіріп айтатын, келістіріп жазатын публицист – жазушы, қарымды қаламгер, бірнеше кітаптың авторы, республикаға белгілі жазушы, ауданның құрметті азаматы Әлмәмбет Әлішев ағамыз осындай өресі биік, салмағы ауыр тұлға болатын.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі,
«Жанқожа батыр»
мешітінің баспасөз
хатшысы

● Ертең – КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Әлмәмбет Әлішевтің туған күні!

ҚАНАТЫМЫЗДЫ ҚАТАЙТЫП, ҚАЛАМЫМЫЗДЫ ҰШТАДЫ

Қазақта «Ұстазыңды- ұлық тұт» деген даналық тәмсіл бар. Дәл осы ретте алғаш журналистика саласына келгенімде талабымды қолдап, қанатымыздың қатаюына қамқорлығын көрсеткендер қатарында Әлмәмбет Әлішев ағамыздың орны бөлек. Бүгін сол абзал жан туралы көңілде сақталған бірқатар сыр ұштығын ортаға салғалы отырмын...

Әлекең ағаның «Батыр болып тумайды» повесті «Жазушы» баспасынан 1970 жылы жарыққа шыққан. Сол күндері біз қазіргі Бекарыстан би ауылындағы Ү.Түктібаев атындағы №24 орта мектебінің 6 класында оқитынбыз. Тұрғындар жерлесіміз жайлы туындыны кітап дүкенінен таласа-тармаса қылдай бөліскенін білемін. Кооперация саласында есепші боп істейтін Бахи көкем маған да біреуін алып берді. Үйге келісімен, мектебімізге есімі берілген батырдың өмірі мен ерлігін әспеттеген шығарманы бас алмай оқыдым. Содан бастап қаламгердің жазғандарын баспасөз бен кітаптан үнемі іздейтінді шығардым. Тартымды жазбалары арқылы сырттай таныс журналист-жазушымен 1986 жылдары аудандық газет жанынан ашылған ауыл-село тілшілері мектебінің курсіне қатысқанда бетпе-бет жолықтым.

1987 жылы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің

сырттай бөліміне оқуға түстім. Ұзамай Қазалы аудандық «Ленин туы» газетіне қызметке алындым. Газет редакторы оқушы шағымда тартымды дүниелерін көкейіме түйіп өскен, талантты қалам иесі Әлмәмбет ағам.

Қараша айының орта шенінен ауа бере, әдеби қызметкерлік ісіме кірістім. Менен бұрын Қайрат Исаев, Тарғын Қаниев, Құттыбай Баймаханов есімді жастар да келіп, газет тірлігіне араласа бастапты. Жұмыс тынымсыз. Аптасына үш рет шығарылатын басылым қайткенде де мерзімінде дайындалуы тиіс. Шаруашылықтар немесе кәсіпорындар мен мекемелерді аралап, еңбек адамдары және ұжымның тыныс-тіршілігімен танысамыз. Түрлі жанрды қамтыған материалдар ұйымдастырылып, оқырман назарына ұсынылады.

Басшымыз әрбіріміздің жазған-сызғанымызға өте талғаммен қарайды. Ұнамай жатса, бағыт-бағдарын сілтеп, қайтадан жазғызады. Төрт көзіміз түгелденгенде редакторымыз «Сөзді қайталай берушілікке ұрына бермендер» дегенді жиі айтатын. Және де осының жүзеге асырылуын қаңаң талап ететін. Сондай-ақ ол кісі «Тың тақырыпқа қалам тербейтін болсаңдар, ақылдасып қойыңдар. Өйткені ойласып пішкен тонның келте болмайтыны белгілі» деп те ескертетін.

1994 жылы кіндік кескен – туған аулымда, жаппай күштеп ұжымдастыру тұсындағы «Асандар көтерілісіне» қатысушы қарт барын құлағым шалды. Дереву ізін суытпай, ақсақалмен тілдесуге бекіндім. Редакторыма кіріп, көкейкесті пікірімді жеткізгенімде: «Өте орынды, уақытты алмай ісіңе кіріс. Басылым беделін осындай сапалы жазбалар арқылы көтереміз. Жолына шек қоймаймын. Барынша көлемді етіп, түйінді жәйтті кеңінен көрсетуге тырысарсың», - деп қолдады.

Көтеріліс куәгері Сағидан Үмбетовті тауып, әңгімеге тартқанымда, тоталитарлық жүйенің теперішін бастан кешкен көкеміз шешіле қоймады. Бұл жөнінде әбден түсіндіріп, осы оқиғаға қатысушыларды түгелдей ақтауға байланысты заң барын айттым. Осыдан соң ғана шындықтың құпиясы ашыла бастады... Көп кідірмей Қазалы жеріндегі шаруалар толқуына қатысушы жайындағы «Асан көтерілісіне қатысқан азамат» атты бір бет очеркім аудандық үнпарақта жарық көрді. Кейін толықтырылып, облыстық «Ленин жолы», республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды. Бұдан бөлек Әлекеңнің ақыл-кеңесі арқылы мәдениет пен спорт төңірегіндегі «Өнерпаз ауыл», «Спортшы ауыл», науқан барысындағы кемшілікті сын садағына алған «Жоңышқалықтағы жалғыз жат-

ка», «Шөп туралмай берілуде», «Шопан үйі неге салқын?», «Күн астында қақталып...» деген тақырыптағы мақалаларым да қалың оқырманға ой тастады.

Парасат-пайымы мол, білім-біліктілігі зор редакторымыз Әлекең редакция ұжымындағы менен басқа да қызметкерлердің бәрінен де ағалық көмегін аямайтын. Олардың қиялдарының қарыштап, қаламдарының қарымды күйден айнымауына тілекші болып жүретін. Ағамыздың журналистикаға қоса, әдебиет әлеміндегі еңбектері де орасан. Оның «Бәйтеректің бұтағы», «Ат тұяғын тай басар», «Иірім», тағы басқа да кітаптары жұртшылықтың таңдаулы шығармасына айналған. Сондай-ақ «Сырдария» кітапханасы сериясымен басылған екі томдығы да оқырманның құнды мұрасы саналады.

Биыл 85 жылдығы аталып өтетін КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның құрметті журналисі, ҚР Мәдениет қайраткері, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Әлмәмбет Әлішевтың жарқын бейнесі білетіндердің жүрегінде мәңгілік сақтала береді.

Сахи ҚАПАР,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

● Ертең – КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Әлмәмбет Әлішевтің туған күні!

ТАУЛАРДЫҢ БИІКТІГІ БАЙҚАЛМАЙДЫ!

Осы бір жүрекжарды сөздерімді елімізге елеулі болған, халқымызға қалаулы болған, асқар тау тұлғаға арнағым келді. Тумыс бітімі мен жаратылысы бөлек асыл жанға сөз арнаудың өзі үлкен жауапкершілік екен. Жүрегімнің түбіндегі тұнып тұрған сағыныш сөздерім тіліме келіп тұрғанымен, сөзді сыртқа шығарып саптаудың, ақ қағаздың бетіне түсірудің өзі қиынның қиыны екен. Бәлкім, арнау сөз өрнектерінің артық-кем жерлері орын алар, сом тұлғаның болмыс-бітімін суреттеп шығудың өзі менің ойымды сан-саққа жетеледі. Мұндайда ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығадының жағдайын басымнан кешірдім. Арнау сөз ерекше адамға, өміріңе мәңгілік өшпестей із қалдырған, жаның қалап тұратын адамға, санаңа жарық еткізетін сәуле ұялатқан адамға, жаныңа жағымды жақсы нәрселерді көргенде көз алдыңа тұлғасы елес беретін адамға арналады екен. Менің өміріме сара жол сілтеп, әкелік қамқорлығын көрсеткен, сын сағаттарда сүрінбей, сыр бермеуді үйреткен, түлкі болса заманың тазы болып шалып қалуды үйреткен, жақсылармен бір

болып, жаманға ермей қалып қалуды үйреткен үлкен тұлға, менің әкем деген қастерлі есімге әбден лайықты тұлға Әлмәмбет әке Әлішев еді! Көзінің тірісінде менің есімімді атамай «балам» деуші еді ғой жарықтық! «Сенің үлкен әкең Әнес болса, мен Әнестің қаламдас, тағдырлас інісі әрі досымын. Олай болатын болса, мен де сенің әкеңмін. Мені әкеңдей көр балам, қандай сұрақтар мен мәселелер болса қаймықпай айта бер» деуші еді. Өз әкемнен кейінгі әке деген лайықты орынға тұрарлық тұлға тұғын мен үшін. Әрине мақтаулардың, мадақтаулардың барлығы жаратушы иемізге лайық. Дегенмен, Жаратушы иеміздің жаратқандарының арасында өзі сүйкімді, сөзі мірдің оғындай, айналасына мейірім шуағын шашып тұратын, адамгершілік қасиетін биік ұстайтын, аманатқа қиянат келтірмейтін, тура әділдіктен аттамайтын тұлғалар кездесіп жатады. Мен айтар едім, осы қасиеттердің барлығы сол кісінің бойынан, яғни, Әлмәмбет әкемнен табылатын. Ол кісі көзінің тірісінде барлық мақтаулар мен мадақтауларды иеленген адам. Мен оған қосымша

қоспақ ниетте емеспін, бар болғаны жүрегімнің түбіндегі шынайы сағынышымды ақ қағаздың бетіне қара сиямен көздің жасындай моншақтап төгу арқылы баспақшы болған едім. Перзенттік парызымның бір парасын ғана орындамақ ниетте болғанмын. Көңілімнің көк кептерін көкке ұшырмақшы болған едім ғой!

Ол кісі көзінің тірісінде аптасына кемі екі рет өзінің қасиетті жұмыс орнына мені шақырып сұхбаттасқанды жаны қалап тұратын еді. Мен сол уақытта оның бөлмесіне еш қаймықпай, емін-еркін кіруші едім. Қазіргі күні ойлаймын, екінің бірі ол кісінің бөлмесіне кіре алмай жүргенде, екінің бірі ол кісінің шақыртуына мұқтаж болып жүргенде, менікі не жорық деймін-ау. Ай, жарықтық-ай, мені сонда баласындай көрген екен ғой! Мені сонда, өзінің төл перзентіндей қабылдаған екен ғой, не деген әкелік қамқорлық десеңізші! Мен сонда мәңгі бақи әкелік қамқорлықты көріп, әкелік шапағаттың шаттығына бөленіп жүре беретіндей сезінген екенмін. Әкенің ақылын тыңдап, суындап, бойым еркін, ойым ширақ болған екен ғой

сол уақыттарда. Әттең-ай, уақыттың зымыран екендігін, жақсылар мен жайсаңдардың көзден ғайып болып, келместің кемесіне мінерін кім білген.

Сонымен қатар, ол кісі маған шын көңілден әкелік ақ батасын берген еді. Кезекті бір кездесу барысында көңілі көтеріңкі еді. «Еркін балам, қолыңды жай, әкелік ақ батамды берейін», деп батасын берген тұғын. Сөз арасында, «Еркін балам, қазіргі уақытта жазып жүргендер жетерлік. Мен мықты жазам, менің шығармам мықты дейтіндер көп. Дегенменен, олардан артық жазатын адамның бар екендігін білер ме екен өздері. Ол сенсің. Сенің ар жағыңда үлкен сарқылмастай бұлақ бар, соны жарыққа шығару керек. Біздің ауданға шығармашылық талабы зор, үлкен тұлғалы адам, мол қазыналы қалам иелерінің легі келгелі тұр. Оның бірі сенсің. Сен көркем сөздің шеберісің», деп маған баға берген еді. Әрине әкенің сөзі оқ дегендей, оқтай атылған сөзді мен қабылдаған едім. Әттең-ай, жайқалған баурайында күнде жүріп, таулардың биіктігін байқамайды екенсің.



ТАУЛАРДЫҢ БИІКТІГІ БАЙҚАЛМАЙДЫ!

(Соңы. Басы 7 бетте)

Тағдырдың жазуына кім көнбеді дейсің. Жақсы жанның артында кейінгілерге үлгі-өнеге боларлық өшпестей жақсы дүниелері қалды. Жақсыныңаты, ғалымның хаты өлмейтіндігін тағы еске түсіреді. Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған, ізетті ұрпақ қалды артында әкемнің. Батыр деп біздер жаугершілік заманда қолына бес қаруын асынған, елін-жерін дұшпандардан қорғаған, қаһарлы адамды елестетеміз. Дегенмен, бейбіт өмірдің де батырлары болады екен. Өмірінің соңына дейін халықтың мұң-мұқтажын айтып өткен, елдің баянды болашағына алаңдап, түн ұйқысын төрт бөлген, Алла басқа жандардан болмысын бөлек қылып жаратқан, басқа адамдардан бір саты биік тұратын қалам иелерін неменеге батыр демеске! Осындай батырдан батыр туып, ұлағатты ұрпақ қалды ізінде. «Жігіттің нашары үйінде, жігіттің мықтысы жиында» демекші, елдің алдына шығып, елге елеулі қызмет істеп жүрген ұрпақтарына сүйсініп, орнында бар оңалады екен ғой деп көңілім бір серпіліп қалатыны тағы бар.

Үлкен кісінің 85 жылдық мерейтойында еске алу лебізімді білдіргім келді, жақсының жақсылығын айтқым келді, әкемдей болған қастерлі жанды барынша ұлықтағым келді, перзенттік парызымның бір парасын ақтарғым келді, осылайша ақ қағазға ойымды түсіріп, сағынышымды бір басқым келгені ғой! Далаға қарасам қыстың құрсауынан жер ана босанып, топырақ бусанып, күннің шуағы төгіліп тұрған сәт екен. Көз алдыма үлкен кісінің жылы, жайдарлы бейнесі елестегендей, сондай бір жылы лептің бетімді сипап, маңдайыма аялы алақанын қойғандай сезімде болдым. Көк шалғын баурайына күнде барып, мөп-мөлдір өзенінен сусындағаныңмен таулардың биіктігі байқалмайды екен, жаныңдағы жақсы адамның қадірін көзі тірісінде білмейді екенбіз, амалсыз артынан естелік сөздерімізді арнап, сансыз салауаттар айтып, дұғатілек тілегеннен басқа еш шара қалмағандай. Жатқан жеріңіз жайлы, жаныңыз пейіштің төрі болсын, Ұлықпандай ұрпағыңызбен мың жасайтындығыңыз сөзсіз!!!

Еркін ОРЫНБАЕВ,
Қазақстан
Республикасының
Журналистер Одағының
мүшесі

ЖАРҚЫН БЕЙНЕҢ ЖҮРЕГІМІЗДЕ САҚТАЛАДЫ



Күні кеше арамызда жүрген Масақ Өтепұлының ғұмырдариясы 2024 жылдың 1 сәуірінде мәңгілік ағысқа ауысты. Тоқтаусыз өмірдің ешкімге мәңгі серік болмасын білсек те, ардақты әкеміз, қимас бауырымыздың арамыздан кеткеніне әлі көңіл сенер емес. Бітім-болмысы бөлек, адамдығы

биік оның енді арамызда жоқтығы өзекті өртейді. Шарасыз көңілдің дертін әкеміздің мәңгілікке қалдырған өнегелі ісімен жұбатамыз.

Масақ Өтепұлы 1949 жылы 10 тамызда бұрынғы Карл-Маркс совхозында (қазіргі Бекарыстан би аулы) дүниеге келген. Ол Үрмәш Түктібаев атындағы №24 орта мектепті бітіргеннен кейін Қызылорда медицина училищесінің Қазалыдағы филиалында білім алды.

1973 жылдан бастап аудандық туберкулезге қарсы диспансерге рентгенолог болып орналасты. Сана-лы ғұмырын денсаулық сақтау саласына арнаған әкеміз осы мекемеде үзбей 45 жыл бойы абыройлы қызмет атқарды. Антына адал бола білген ол халық денсаулығын жақсартуға, оның ішінде туберкулезге қарсы күрес саласына сүбелі үлес қосып, ел алғысына бөленді.

Қызмет еткен уақытында түрлі марапат алып, әр жылдары құрмет грамоталары мен алғыс хаттарға ие болды. Елеулі еңбегі ескеріліп, ҚР Тәуелсіздігіне 10 жылдық мерекелік медалімен марапатталды.

4 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсіріп, балаларының бақытына, немерелерінің қызығына кенелді. Ұл-қыздарының өмірдегі жеткен жетістігі мен табыстарын көріп, марқайды. Осындай қамқор, кең пейілді, асқар тау әкемізден қапыда көз жазып қаламыз деп кім ойлаған?! Алланың ісіне амал бар ма?!

Әке, Сіз біздің есімізде жарқын жүзіңіз, салмақты бейнеңіз, бір сөзді бекзат болмысыңызбен мәңгі сақталасыз. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын! Оқылған Құран аяттары қабіріңізді нұрландырып, орныңыз пейіш төрінен шалқысын, жан әкем!

Еске алушылар:
балалары мен бауырлары

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ЖАН ЕДІ

Алланың келсе бұйрығы, Кім оған қарсы тұра алған. Мезгіл демі жеткенде, Өтпеген кімнен бұл жалған. Әлішұлы Әлмәмбет Қазанат еді боз тарлан. Қазалының айбаты ед, Қатардан озып, топ жарған. Ерлердің жазып ерлігін, Қазалы атын шығарған. Кітабы шығып әр тілде, Әлемге аты таралған. Білімді еді, әмбебап, Хабардар небір саладан. Шежіреден сөз тартса, Аузына жұрт қараған. Сабырлы еді, салмақты, Аспайтын шығып қанадан. Ұлттың жамап жыртығын, Әрбір сөзін қазақтың, Сап алтынға балаған. Алысты болжап көретін, Өзінің орнын білетін, Қасарып қарсы тұратын, Тайсалмай хан мен қарадан. Алды, артын бірдей ойлайтын, Мақсатқа жетпей қоймайтын, Озық ойлы жан еді, Әділдік үшін жаралған. Елдің қамын жүрген жеп, Халықтың аңыз адамы ед. Бес жыл бопты мінекей, Өткеніне арадан. Бәйтерек еді алыптан, Әділдік үшін алысқан. Оны ардақтар әрқашан, О жалған да, бұл жалған. Қайырын беріп ұрпаққа, Атағы тарап жан-жаққа. Жаннатта жаны жайланып, Медет болсын бір Алладан!

Сержанқожа БЕРДЕНҰЛЫ,
ҚР Журналистер
одағының мүшесі

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

2024 жылғы 8 сәуірде департамент Қызылорда облысының Арал және Қазалы аудандарында «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының (бұдан әрі - филиал) суды магистральдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне бекітуге берілген тарифтерінің жобасын талқылау бойынша депутаттар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және тұтынушылардың қатысуымен жария тыңдаулар өткізді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес, филиалдың суды магистральдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтері бойынша тарифтерді және тарифтік сметаларды бекітуге берген өтінімдері 2023 жылғы 29 желтоқсанда келіп түсті, оған сәйкес филиалдың өтінімі уәкілетті органмен 90 жұмыс күн ішінде қаралады.

Филиалдың жобалық орташа босату тарифі 1 текше метрге ҚҚС-сыз: суды магистральдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметіне: 2024 жылғы-956,72 теңге, 2025

жылғы -1112,71 теңге, 2026 жылғы-1045,04 теңге, 2027 жылғы-1192,92 теңге, 2028 жылғы-1162,31 теңге, 2029 жылғы-1243,30 теңге, ал суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне: 2024 жылғы-725,54 теңге, 2025 жылғы-753,38 теңге, 2026 жылғы-753,39 теңге, 2027 жылғы-777,90 теңге, 2028 жылғы -829,02 теңге, 2029 жылғы-869,21 теңге ұсынылды.

Департамент қазіргі таңда қолданыстағы нормативтік – құқықтық актілерге сәйкес, филиалдың тарифтерін бекітуге ұсынған құжаттары қаралуда, атап айтқанда: «шикізат және материалдар», «жанар-жағар май», «энерге», «жалақы», «әлеуметтік салық», «ағымдағы жөндеу» және тағы басқа баптары бойынша түзетпелер қарастырылуда.

Өткізіліп отырған жария тыңдаудың қортындысы бойынша айтылған сын-ескертпелермен, ұсыныс-пікірлерді ескере отырып, департаментпен соңғы шешім 2024 жылғы 15 мамырда қабылданады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.